

которые обычный кусок дерева отшлифовывали, а потом полировали и красили. Подделку не отличишь от натурального яйца. И выходили с ними на состязание. Подставляй лоб. Разобьется яйцо - оно твое. Находились простачки, которые потом целую неделю ходили с шишками и синяками на лбу. Смех. Детская шутка! (Кудайбергенов Г. Знамение времени. Астана, 2007. С. 173). В поликультурном обществе приобщение людей к различным религиозным культурам - залог толерантного межкультурного взаимодействия, основы которого были заложены в советский период.

Как показывает материал публицистических текстов современного Казахстана, смена государственной политической системы требует иных идеологических установок. Однако в журналистских текстах постсоветского периода активно используются советские культурные образцы: ключевые идеи, стереотипы, ценностные установки, культурные практики толерантности.

Поиски лексического идентификатора, определяющего коллективную идентичность,

приводят к активизации лексемы *казахстанец*, выступающей в качестве знака общегражданской идентичности.

1. Васильев А.Д. Слово в российском телеэфире: очерки новейшего словоупотребления. М.: Флинта: наука. 2003. 224 с.

2. Скляревская Г.Н. Толковый словарь русского языка конца XX века. Языковые изменения. СПб.: Фолио-Пресс, 1998.

3. Вепрева И.Т., Купина Н.А. Русские / россияне // Русский язык за рубежом. 2007. 31 . с. 121 – 124.

Осы заманға сай публицистикалық мәтіндер материалдары арқылы жазылған «Особенности использования советизмов в казахской публицистике» мақаласында совет заманы кезіндегі белгілі сөздер талданған, жаңа көзқарастан совет заманы кезіндегі мәдени мұралардың проблемаларына мағына беру әрекеті жүзеге асырылған және бүкіл көніл ұжымдық ұқсастығын анықтайтын қазақстанец деген идентификаторына аударылған.

In the article “Peculiarities of using of sovietisms in Kazakh social political journalism” on materialism of modern publicistic text the key words of soviet epoch are analyzed, attempt of the interpretation of the of the problem of soviet cultural heritage from the point of contemporaneity is made, focus on the identifier – Kazakhstan citizen defining the collective identity was made.

С. Зейнуллаев

АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫ ӨЛЕҢ-ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ ЗАР ЗАМАН САРЫНЫ

Ақыт өз заманының зарын дөп басып жырлаған ақын. Ішкі-сыртқы зорлық-зомбылықтар мен тарихи кезең көріністерін төл шығармаларында шынайы бейнелей білді. Осы тұрғыдан келгенде Ақыттың өлең-толғауларындағы зар заман сарынының түп тамыры арыдағы Асан мен Қазтуғанда, берідегі Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір секілді ақындарында жатқанын айтпақпыз. Ақыт ақынның «Зар-заман» толғауындағы:

Ей, зарзаман, зарзаман,
Зарлатып өткен тар заман.
Байқап тұрсам адам жоқ
Шын ақылды ойлаған [1, 43-б.], -

деген жолдар Шортанбайдың белгілі «Зар заманын» еске түсіреді. Шортанбай аталған толғауында «азған заман» белгілерін былайша сана-малап көрсетеді:

Мына заман қай заман,
Азулыға бар заман,

Азусызға тар заман,
Тарлығының белгісі, –
Жақсы жаннан түңілген,
Жаман малдан түңілген,
Мұның өзі зар заман.
Зарлығының белгісі, –
Бір-бірлерін күндеген,
Жай-жайына жүрмеген! [2, 320 б.].

Ақыт «Кеңес құрдым азырақ» деген келесі өлеңінде:

Тозған заман тұсында,
Сарысу деген ас болар,
Ішетіндер мас болар,
Шынаяғы тас болар,
Ұры-залым, тентектер,
Ауылына бас болар [3, 117 б.], -

деп азған заман белгісін көрсетсе, Шортанбай:

Мынау ақыр заманда,
Алуан-алуан жан шықты.
Арам, араз хан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,

Ақша деген мал шықты! [4, 110 б.], -
деп тозған заманды суреттейді. Екі ақын өлең-дерінен мазмұн жақындығын көруге болады.

Бостандығынан айрылған елдің бұрыннан келе жатқан әдет-ғұрып нормалары мен салт-саналарының тоқырауға ұшырап, азып-тозуының белгілерін ақындардың табиғатты өзгеріске түсіру арқылы бейнеленуінен байқауға болады.

Шортанбай:

Шөп сұйылды жердегі,
Құс таусылды көлдегі [5, 13 б.], -
десе, Ақыт ақын:
Шалқар көлің суалды,
Дала, жерлер қуарды [6, 579 б.], -

дейді. Ой ортақ, ата қоныстың азып-тозуы.

Ақыт өлең-толғауларынан көрініс тапқан мотивтің бірі – отарлық билік үстемдік еткен заманның зары. Сондай-ақ халық қадір тұтқан әдет-салттың бұзылуы да ақын жанын қынжылтады:

Зарзаманның тұсында,
Бай кедейді көрмейді.
Ағайыны пақырға,
Пайдасыз сауын бермейді.
Иманды көбі білмейді,
Түзу жолмен жүрмейді.
Не десең де, жаранлар,
Халық бұлай тозғанда,
Тура дінге кірмейді.
Берекені білмейді,
Сенімі, ары кірлейді [1, 45 б.], -

десе, әрі қарай:

Заманның жайын мен айтсам,
Патшаның кетті қуаты,
Бидің ылай суаты,
Жақсының тозды мұраты,
Пенденің кетті ұяты,
Байдан қайыр жоғалып,
Жат болып кетті жұраты [1, 46 б.].

Немесе:

Байдың көңілі өр болды,
Кедей біткен кер болды.
Санасы бар жақсының,
Жүрегі толған шер болды.
Қайғысыз өтер күн қайда,
Құдайдан қорқар жан қайда,
Ғадыл туған хан қайда?
Теңдік берер бар жанға,
Баяғыдай заң қайда? [1, 44 б.], -

дейді. Осының бәрін отарлық озбырлықтың кеселі деп біледі. Мұндай ой-тұжырымды Дулат пен Шортанбай ақындардың туындыларынан да аңғарамыз. Дулат Бабатайұлы:

Мынау азған заманда,
Қарасы – антқор, ханы – арам;
Батыры көксер бас аман;
Бәйбіше – таңтық, бай – сараң;
Қырсыға туды қыз балаң...
Ебі кеткен ел болды.
Енді қайда мен барам?! [7, 26 б.], -

деп, қайғыға түссе, Шортанбай ақын:

Мұның өзі қар заман,
Қарлығыңның белгісі:

Ұл сыйламас атасын,
Арамсідік болған соң,
Атасы бермес батасын...
Өзі қылған өкінбес,
Қыз сыйламас анасын...
Сыйламайды ағасын,
Алысып жырттар жағасын...
Ақсақалдан ұялмас,
Жүгірісіп қалаға,
Қаныққан соң жалаға! [2, 320 б.], -

деп қамығады. Ақындар неден түңіледі? Өйткені атамекен мен ел еркі қолдан кетті. Болашақ болса – бұлыңғыр. Осының бәрін олар ұлт қайғысы ретінде жырлайды.

Бодандық заманның осындай әлеуметтік кейіп-қалпының сыр-сипатын ашу Ақыт шығармаларының басты тақырыптарының бірі екендігін жоғарыда айтқанбыз. Түптің түбінде бұның ақыры заманның азып-тозуына, ел мен жерден құт пен берекенің кетуіне әкелетінін Ақыт ақын «Асан ата деп еді» деген көлемді толғауында:

Ал, сөйлейін жамағат,
Азған заман белгісін.
Ақылы асқан жігіттер,
Сөз тындайтын ермісің?
Айтып кеткен әр сөзді,
Асан қайғы әулие...
Адам пенде азар деп,
Маңдайына жазар деп.
Алдын аңдап аңдамас
Келсе дағы ажал деп.
Ханға қара көнбес деп,
Тізгін түзу бермес деп.
Жақсыға жаман ермес деп,
Шын сөзге надан сенбес деп... [1, 5 б.], -

бойлай жырлайды. Одан әрі қарай заман немен тынатындығын ақын Асан қайғы ойымен өз ойын сабақтастыра отырып:

Жалғанның мұңын айтайын,
Бұған да құлақ салындар.
Шөбі кеткен жер азар,
Қайыры жоқ бай азар...
Елі кедей хан азар,
Байы жаман жар азар,
Жары жаман ер азар,
Жолдасы жоқ сері азар,
Әділетсіз би азар...
Өзгере берер заманың,
Салсаңыздар шын назар.
Мына сөзді ұғындар,
Күйма құлақ балалар,
Үлгі сөзді ұқпасаң,
Қайсысында сана бар?!... [1, 5-6 бб.], -

деп болашақ ұрпаққа үлгі айтып, үміт артады.

Зар заман поэзиясының осындай өлең үлгілерін кезінде белгілі ағартушы ақын Ғұмар Қарашев та өз шығармашылығында орынды пайдаланған:

Асан қайғы атамыз
Айтқан екен бұрын да.
«Замана азар шағында
Әуел бастан су құрыр,

Су құрыса ну құрыр».

Шамасы сол шақ болды [8, 95 б.].

Осы жолдар туралы ғалым Бауыржан Омарұлы өзінің «Зар заман» атты зерттеу еңбегінде былай деп ой қорытады: «... Өз дәуірінің азғаны мен тозғанын, ел мен жерден құт-берекенің кеткенін айтудың қалыптасқан дәстүрінен жаңашыл ақын бірден бас тартқан жоқ. Ақын үшін заманның бұзылуы, дүниенің бүлінуі күтпеген, тосын жәйт емес. Ол бабалардың болжамына, көнекөздердің көріпкелдігіне шек келтірмейді. Зар заман әдебиетіне желі болып тартылған Асан Қайғының тұжырым-тұспалдарына ден қояды» [9, 131 б.]. Бұл пікір сөз жоқ Ақытқа да қатысты айтылған іспетті, себебі ақын:

Бұрынғыдан соңғыға

Нақыл болар деп еді.

Әулиенің болжалы

Ақыл болар деп еді.

Ақыл сөзді ұқпаған

Пақыр болар деп еді.

Жақсылыққа онды адам

Жақын болар деп еді.

Мұндай ұлы сөздерді

Әулиенің көп еді [1, 10-11 бб.], -

дей келіп:

Мысал жаздым азырақ

Асан ата сөзінен.

Ғибрат алар бұл сөзден

Алдын ала сезінген.

Өсиетін жеткіздім

Өтеп міндет өзімнен [1, 11 б.], -

деген жолдармен толғауын аяқтайды.

Ақыт ақын шығармаларындағы қоныс-мекенді жоқтап, ұлт азаттығын аңсау сарынының бір жақ ұшы жыраулар поэзиясы және зар заман ақындарының ойымен ұштасып жатқанын байқадық. Сондай-ақ Ақыттың зар заман тақырыбына жазған өлең-толғауларын талдай келіп, ақын поэзиясынан сол өзі өмір сүрген заманның

шындығын, бастан кешіп отырған уақыт пен кеңістіктің жан-жақты болмыс-бітімін айқын көре алдық.

Қай кезеңде де қазақ поэзиясы ұлттық мінез-құлық пен халықтық болмысты дәл де шынайы көрсетіп отырғаны белгілі. Өткен ғасырлардан жеткен жауынгер жырлар мен қилы кезеңдердегі зар мен мұңға толы туындыларды алып қарасақ, солардың бәрінен қазақ халқына тән тағдыр мен өмірді, жұртымыз бастан кешкен тарихи оқиғаларды жазбай танимыз. Бұл ретте ақындарды дәуір жылнамашысы, замана шежірешісі деп айтуға әбден негіз болады. Өйткені ақын-жыраулардың қоғамнан тыс өмір сүруі мүмкін емес. Міне, Ақыт Үлімжіұлы да сондай ақындардың бірі болып табылады.

1. Үлімжіұлы А. Жиһаншаһ. - Алматы: Дүниежүзі казактарының қауымдастығы, 2007. - 248 б.

2. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы: Қазақпарат, 2005. - 4 т. - 435 б.

3. Үлімжіұлы А. Шығармалар. - Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1994. - 1 т. - 684 б.

4. Шортанбай. (Құраст. Мәдібай Қ.). - Алматы: Айқап, 1993. - 80 б.

5. Зар заман: Жыр-толғаулар. (Құраст. Дәуітов С.). - Алматы: Жалын, 1993. - 176 б.

6. Үлімжіұлы А. Шығармалар. - Күйтің: Іле халық баспасы, 1999. - 2 т. - 686 б.

7. Бабатайұлы Д. Заман сазы. - Алматы: Жазушы, 1991. - 160 б.

8. Қараш Ғ. Замана. - Алматы: Ғылым, 1994. - 240 б.

9. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. - Алматы: Білім, 2000. - 368 б.

В представленной статье в сравнительно-сопоставительном плане исследуется творческое наследие выдающегося акына XIX века А. Улимжиулы и его отношение к ярким представителям культурно-стилевого течения Зар-заман: Шортанбаю, Мурату, Дулату и их раннему предшественнику Асану Кайғы.